

# Үздік жастар марапатталды

Меңдіқара жастарының есімдері «Алтын кітапқа» енді

Біраз жылдан бері Меңдіқара жастарының «Алтын кітабы» жобасы жүзеге асырылып келеді.

Жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен аудандағы талантты, ғылымда, спортта, бизнесте, саясатта алдыңғы қатардан көрініп жүрген іскер жастардың есімдерін сол кітапқа енгізу дәстүрі үзілмей келеді.

«Алтын кітапқа» өңірдің экономикалық-әлеуметтік дамуына зор үлес қосқан, облыстың атын танытып жүрген, халықаралық, республикалық жарыстарда, байқауларда жеңімпаз атанған талантты, дарынды жастар есімі кіреді.

Осы уақытқа дейін аталмыш кітапқа жиырма төрт үздік жастың есімі енген болатын. Олардың барлығы да әр салада өзіндік ойып орын алған, ауданымыздың намысын қорғай біліп, үздіктердің қатарынан көрінген жастар.

Биылғы жылы да Жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен жоба дәстүрлі түрде қолға алынды. Он алты мен жиырма тоғыз жас аралығындағы үздік жастардың есімдері іріктелді. Арнайы комиссия құрылып, жастар іріктеуден өтіп кітапқа енгуге мүмкін-



Жастар саясатын іске асыруға сүбелі үлес қосқан жастар

дік алды. Осылайша, Меңдіқара аудандық жастарының «Алтын кітабы» жаңа есімдермен толықты. Жыл ішінде түрлі сала бойынша жетістікке жеткен жастар арнайы аталымдар бойынша марапатталды.

- Жыл сайын «Алтын кітап» жаңа есімдермен толығып отырады. Ауданымызда ауыз толтырып мақтанарлықтай жастардың қарасы көп. Биылғы жылы да біраз өтінімді қабылдап, арнайы комиссияның іріктеуінен өткен жастардың есімі кітапқа енді. Жастар

ресурстық орталығы жылдық қортындыны жақсы себеппен аяқтап жатыр. Алтын кітаптың лауреаттары үшін қуаныштымыз, - деді орталық басшысы Тұрсыннай Дүйсембаева.

Есімдері ерекше кітапқа енген жастар «Юбилейный» Мәдениет үйінің жас өнерпазы Азат Тобылұлы, Первомай орта мектебінің ұстазы Дамир Сұлтанов және Кәмшат Дөненбаева атындағы Боровской кәсіптік-техникалық колледжінің

студенті Данил Думин, Жастар ресурстық орталығының әдіскері және белсендісі Олеся Волосюк.

Азат Тобылұлының өнерімен аудан тұрғындары етене таныс. Өз өнерін халыққа сыйлап, елінің қошеметіне бөленіп жүрген өнерлі жан. Түрлі байқаулардың жеңімпазы атанып белестерді бағындыруда.

Дамир Сұлтанов Первомай мектебінде еңбек атқарып, шәкірттерін шыңдауда. Аудандық,

облыстық, республикалық байқаулардың жеңімпазы.

Данил Думин К.Дөненбаева атындағы колледжінің студенті. Жастардың көсбасшысы, Жастар орталығының еріктісі. Ауданымызда туризмнің дамуына үлес қосып, бүгінде спорттық бағдарлау бойынша абсолюттік чемпион атанып отыр.

Олеся Волосюк ауданымыздың Жастар саясатын іске асыруда сүбелі үлес қосып жүрген белсенді еріктілердің қатарынан.

Аудандық шаралардың жүргізушісі, іс-шаралардың ұйымдастырушысы. Бүгінгі таңда «Жүректен жүрекке» атты еріктілер тобына басшылық жасап, игі істерді атқарып келеді.

Осындай мықты да, үздік жастарымыз лауреат атанып, есімдері Алтын кітапқа енді. Жастарымыз марапатқа ие болып, ұйымдастырушыларға өз алғыстарын білдірді.

**Толқын ӨТЕС**